

**БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ.
ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ЖІКТЕУ**

*Лектор: қауымдастырылған профессор, биология
ғылымдарының кандидаты Басығараев Жандос
Махабатович*

Дәрістің жоспары:

- 1. Оқыту әдістемесіне жалпы сипаттама**
- 2. Оқыту әдістері және оның қызметі**
- 3. Оқыту әдістерінің мазмұны мен мәні**
- 4. Оқыту әдісін жіктеудің критериясы (нысаны)**
- 5. Оқыту әдістерін жіктеу. Оқытудың белсенді әдістемелері**
- 6. Оқытудың белсенді әдістері мен құралдары**
- 7. Биологияны оқыту барысында белсенді әдістемелердің түрлерін қолдану жолдары**
- 8. Сабақтың әдісін таңдау және бағалау**

Оқыту әдістемесіне жалпы сипаттама

Оқыту әдістемесі дегеніміз – оқу жылындағы білімді игеруге, оның психикалық дамуына және жеке тұлға болып қалыптасуына, алдына қойған мақсатына жетуге бағытталған оқытушымен оқушының арасындағы білім беруге және тәрбиелеуге бағытталған екі жақты үрдіс.

Биология пәнінің мазмұны мен құрылымы және сабақ өткізуге тиісті материалдарды сараптап алуын тағайындаудан басқа, ең бір басты маңызды мәселелердің бірі оның әдістерін де орынды қолдана білу болып табылады. Пәннен сабақ өткізу әдісін дұрыс таңдап, қолданбаған жағдайда әрбір ұстаз алдына қойған мақсатына жете алмайды.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, оқу материалының мазмұнын сәйкестендіре отырып, оқыту әдісін дұрыс таңдағанда ғана сапалы білім беруді қамтамасыз етуге болады. **Оқыту әдісі дегеніміз** – оқушы мен оқытушының алдына қойған мақсатына жету үшін екі жақты іс- әрекеттері деп айтуға болады. Сондықтан осындай іс- әрекетті дидактикалық принцип тұрғысынан қарайтын болсақ, білім беру мен тәрбиелеуді дамыту деп те айтуға болады. Сонымен, **оқыту әдісі дегеніміз** – ұстаздың білім беру әдістері деп қарасақ, екінші жағынан оқушының білімді игеру, қабылдау қабілеттілігі немесе әдісі. Оқыту әдістерінің құрылымы сабақ өткізу тәсілдерінен тұрады. **Тәсіл дегеніміз** – оқыту әдісінің бір ғана элементі, оның жеке бір бөлігі. Биологиядан сабақ беру практикасында оның көптеген әдістері бар екендігін байқауға болады:

- 1. Дәстүрлі сабақ беру әдістері,** сол ертедегі философтар мен педагогтардың сабақ беру жүйелері болып табылады. Бұл әдістегі ең басты мақсат оқушыларға білім берудің қайнар көзіне, білімді қалай, қайдан алу әдістері бойынша қолданылады. Бұл әдіс бойынша білімнің қайнар көзі үшеу: практика, көрнектілік, сөз деп көрсетіледі.
- 2. Практикалық және еңбек тану іс-әрекеті.** Егер оқушының өз бетімен іздену, ойлану процесіне қиындық жағдайлар туатын болса; жаңа проблемалы материалдарды игеруге оқушының тіректік білімі әлі аздау болған жағдайларда қолданылады.
- 3. Репродуктивті әдістің** тағы да бір ерекше пайдалы әсерлерінің бірі оқу материалының жедел игеруді, практикалық, еңбекке деген шеберлігі мен іскерлігін қалыптастыруды қамтамасыз етумен бірге, оқу процесіндегі білімдігін, шеберлігін, іскерлігін басқаруды, кейбір қателік жақтарын, айқындауына мүмкіндік береді.
- 4. Проблемалық – ізденіс оқыту** әдістерінің ең басты принциптері оқу процесінің кейбір кезеңдерінде оқушы кейбір проблемалық мәселелерді өз бетімен шешуге әлі мүмкіншіліктері жоқ, сондықтан мұғалім, осы проблеманы шешу үшін белгілі бір жүйемен, бағытпен оқушыларды тарта, олардың белсенділігін арттыра отырып, жаңа бір білімді игеру жолдарын көрсету арқылы, оқу материалының танымдылық жағын арттыруға көмектеседі.

Егер оқу материалының күнделік деңгейі және оқушының базалық білімі жеткілікті болса, олар өздерінің болжамдарын, құбылыстары мен заңдылықтар арасындағы байланыстарды анықтауда осы әдісті қолдану өте пайдалы деп есептеледі.

Зерттеу әдісінің басты мәні мынада:

- ❖ белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір проблеманы анықтап, оны шешуді оқытушы мен оқушы бірге жүргізеді;
- ❖ оқушыға проблема жайлы алдын ала хабарламай, оны өз бетімен шешуге мақсат қою. Оның шешу жолын оқушы өзі тауып қорытындылайды;
- ❖ оқушының басты қызметі жедел түрде берілген проблемаларды шешуді басқару;
- ❖ оқу процесінің қарқыны жоғары; оқу өте қызықты жүргізілуде, нәтижесінде білімнің тереңділігі, нақтылығы, жан-жақтылығы айқын көрініп тұрады.

Сондықтан бұл әдіс оқушының білім алу барысында шығармашылық қабілетілігінің дамуына байланысты болатындығын көрсетеді. Оның басты кемшілігі – оқушыдан да, оқытушыдан да көп уақытты және энергияны шығындауды талап етеді және бұл әдісті қолдану оқытушының білім деңгейінің жоғары болуын талап етеді.

Дидактикалық мақсатқа байланысты екі әдістер тобын бөліп қарауға болады:

1. Оқу материалын алғаш игеруге мүмкіндік жасау әдісі.

2. Алған білімді тиянақтау және жетілдіруге мүмкіндік жасау әдісі (Г.И.Шукина, И.Т.Огородников).

Бірінші топқа: ақпаратты-дамытушы (ауызша мазмұндау әңгіме, кітаппен жұмыс істеу), ізденіс (эвристический) (әңгіме-ле-су, диспут, зертханалық жұмыс), ғылыми-зерттеу әдісі жатады.

2. Бинарлы және полинарлы әдістердің түрлерін қолдау-шылар бар. Мысалы, М.И. Махмутов бинарлы әдісті жасады.

1. Оқыту тәсілі; 2. Оқу тәсілі.

В.Ф.Паламарчук және В.М.Паламарчук полинарлы әдісті ұсынды.

3. Дидактикадағы соңғы кездегі ең көп тараған әдістердің бірі және соңғы он жыл бойы пайдаланып келе жатқан әдістің бірі – **К.Бабанский ұсынған әдіс**, онда үлкен **үш топ әдістерге** бөлінеді:

1. Оқу-танымдылық қызметін ынталандыру – дәлелдеу (мотив).

2. Оқу-танымдық процестің тиімділік қызметін бақылау және өзіндік бақылау.

3. Оқу-танымдылық процестің ұйымдастыру және іске асыру қызметі.

Оқыту әдістері және оның қызметі

Білім берушілік қызметі – оқушы білімін, білімділігін, шеберлігін, дағдысын қалыптастыруға бағыттау.

– **Дамытушылық қызметі** – саналы түрде және психикалық процестерді еркін қалыптастыруға бағытталған.

– **Тәрбиелік қызметі** – дүниеге көзқарасының қалыптасуын, барлық құбылыстарға баға бере отырып, әлеуметтік тұрғыдан өзінің ойын, көзқарасын ашық нақты көрсете білу.

Білімнің көзіне байланысты оқу әдістерінің типтеріне сипаттама

- ❖ сөз сөйлеу
- ❖ көрнекілік
- ❖ практикалық
- ❖ сөз сөйеу әдістерінің түрлері
- ❖ әңгіме (беседа)
- ❖ әңгіме арқылы түсіндіру (рассказ)
- ❖ түсіндіру (баяндау)
- ❖ дәріс
- ❖ пікірталас
- ❖ көрнекілік әдісі
- ❖ табиғи объектілерді демонстрациялау
- ❖ көрнекілік құралдарды демонстрациялау
- ❖ тәжірибелерді демонстрациялау

Практикалық әдіс:

- таратпа материалдармен жұмыс

а) жіктеу, жеке бөліктеріне талдау

ә) анықтау арқылы, жіктей салыстыру

б) биологиялық объектілерді анықтау

- Табиғаттағы биологиялық объектілерге бақылау жүргізу. Эксперимент жасау.

Оқыту әдістерінің мазмұны мен мәні

Баяндау ауызша мазмұндалатын сөйлеу әдістеріне жатады. Баяндау – монологты түрде оқу материалын мазмұндау. Бұл әдіс бойынша оқу материалы белгілі ретпен, жүйелілікпен, түсінікті және мәнерлеп баяндау болып есептеледі.

Дәріс – сөйлеу әдісінің басқа түрлерінен айырмашылығы оның мазмұндау құрылымы салмақты, оқу материалының логикалық жүйесі ерекше, құрамына көптеген айтылуға тиісті ақпараттары бар және мазмұнын ашуда өзіне тән жүйелілігі болады.

Талқылау сабағы. Соңғы кезде көптеген әдістердің ішінде сабақ беру практикасында біртіндеп еніп келе жатқан әдістердің бірі болып есептеледі. Бұл әдістің нәтижесі бермеген кездерде пайдаланылады.

Оқулықпен жұмыс істеу. Арнаулы әдебиет, оқулықтармен жұмыс істей білудің де өз әдістемелік сырлары мен құпиялары бар. Осы әдістің ең басты артықшылығы – оқушы өзінің еркімен оқу ақпараттарын бірнеше рет оқып, өңдеп, отыруға мүмкіндігі бар. Оқулық оқыту процесінің барлық қызметін, іс-әрекетін орындаушы деңгейде болады.

Көрнекілік әдіс. Көрнекілік әдісін педагогикалық принцип көрнекілікпен шатастыруға болмайды. Бұл әрине, әртүрлі түсініктер, бір-біріне ұқсамайды. Көрнекті құралдар биологияның барлық сабақтарында қолданылады, бірақ оны көрнекілік әдіспен өткізілген деп айтуға болмайды.

Практикалық әдіс. Оқушылардың қабілеттілігін дамытуда маңызы зор әдістердің бірі. Бұл әдіспен сабақ өткізген кезде ол күрделі, өзара байланысып жатқан сөйлеу, көрнектілік және практикалық әдістердің қолданылуы арқылы іске асырылады. Әдісті жүргізуге берілген тапсырмалардың өзінің де оқу-тәрбиелік маңызы зор. Бұл әдіспен сабақ өткізу ұстаз жағынан өте тиянақты дайындықты, оны ұйымдастырылушылық қабілетін талап етеді.

Танымдылық ойындар әдісі реальді жағдайдың моделін жасай отырып, арнайы ситуациялар жасау арқылы оның сол жағдайдан шығу жолдарын табуға арналады.

Бұл әдістен кейін бірі ауысып отыратын процесс:

- сабақты бастаудағы басты тұлға оқытушы;
- оқушылардың танымдылық қызығушылығын арттыру мақсатында әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы жүреді. Сондықтан сабақ жүргізудің осындай формасы ең негізі деп есептеледі.

Оқу жүйесін ұйымдастыру формасының ең басты түрі класта өткізілетін сабақ болып есептеледі.

Сабақ – оқу процесіндегі ұйымдастырушы, белгілі бір уақыт аралығында жүргізілетін жеке элементтерден, кезеңдерден тұратын толық қалыптасып өткізілетін процесс деп айтуға болады. Бұл оқу процесіндегі өте күрделі де, жауапты кезеңдердің бірі. Қысқа түрде жақсы, сапалы сабақ берудің басты талаптары мынаған сай болуы керек:

- **Сабақты оқу-тәрбие процесінің негізгі заңдылықтарына сүйене отырып құрастырып, ғылымның, педагогикалық практиканың алдыңғы жетістіктерін пайдалана отырып дайындау.**
- **Сабақ барысында дидактикалық принциптер мен ережелердің өзара қатынастарын толық пайдалана отырып іске асуды қамтамасыз ету.**
- **Оқушылардың танымдылық қызығушылық жақтарын есепке ала отырып, оған қолайлы жағдайлар жасау.**
- **Пәнаралық байланыстардың артықшылығын белгілеу, анықтау арқылы оқушылардың көзқарасын ұғындыру, жетілдіру.**
- **Бұрынғы алған білімдерін, шеберлігіне сүйене отырып, оқушылардың деңгейін жоғарылату.**
- **Практикалық білім шеберлігін қалыптастыра отырып, оның рационалды ойлау және іс-әрекетін орындауға дағдыландыру.**
- **Әрбір сабақты ұқыпты жоспарлап, болжап, саралап, бақылап, дұрыс басқару.**

Әрбір сабаққа қойылатын мақсат білім беру, тәрбиелеу, дамыту. Сабаққа қойылатын жалпы талаптарды есепке ала отырып дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық жақтарын нақтылаған жөн.

Сонымен дидактикалық немесе білімділік талаптарға:

- ❖ әрбір сабақтың білімдік мақсатын анық көрсете білу;
- ❖ әлеуметтік және жеке тұлғаның мұқтаждығын есепке ала отырып, сабақтың мазмұнын ыңғайландыру және тиісті ақпараттармен қамтамасыз ету;
- ❖ танымдылық қызметінің арттыру үшін оқу процесіне жаңа технологияларды ендіру;
- ❖ сабақ берудің әртүрлі әдістерін және тәсілдерін, формаларын қолдана отырып, дәріс беру;
- ❖ сабақтың құрылымын қалыптастыруға шығарма- шылық тұрғыдан қарастыру;
- ❖ сабақ өткізуге ұжымды өз бетімен ізденіс формаларын іске асыра білу;
- ❖ кері байланыс, былайша айтқанда, сабақ игеру процесін бақылау, бағалауды қамтамасыз ету жатады.

Сабақтың тәрбиелік мәніне қойылатын талаптар:

- ❖ оқу материалының тәрбиелік мәнін анықтай отырып, оның тәрбиелік мақсатына жету үшін, оны қалыптастыру үшін сәйкес мүмкіншіліктерін қарастыру;
- ❖ материалды мақсатының және оның мазмұнына байланысты тәрбиелік жақтарын жеке бөліп алу;
- ❖ оқушыларды тәрбиелеудегі адамзатқа ең бағалы, күн-делікті тіршілік жағдайына керекті шыдамдылық, ұқыптылық, жауапкершілік, адамгершілік, шындыққа, көпшілікке, т.б тәрбиелеу.

Оқыту әдісін жіктеудің (критериясы) нысаны

1. Білім көзіне қарай (сөз, заттың бейнесі, іс-әрекет етуіне байланысты).
2. Мұғалімнің қызметтерінің сипатына байланысты.
3. Оқу барысында оқушылардың қызметіне сай.

Оқыту әдістемесінің тәсілдері – бұл жеке оқытушының және оқушының оқу процесіндегі жеке іс- әрекетін көрсететін әдістің жеке элементтері, оның түрлері:

- 1.Ұйымдастырушылық;
- 2.Логикалық;
- 3.Техникалық;

Дәптермен жұмыс жүргізу әдісі.

Пәнге арналған жұмыс дәптерін енгізу:

- суреттер
- кестелер
- сызбалар

Баспа арқылы жасылынған жұмыс дәптерімен жұмыс

Мультимедиалық оқыту бұл барлық ақпараттық канал пайдалану арқылы кешенді сипатта енгізіледі.

- мультимедиалдық дәріс
- мультимедиалдық практикалық жұмыс
- табиғаттағы виртуальді экскурсия жасау

Мультимедиалық әдіспен оқытудың ерекшелігі

- 1.Кешенді сипаттық;
- 2.Бірнеше ақпараттық каналдарды пайдаланып жұмыс жүргізу:
 - көру
 - есту
 - сипап сезу.

Оқыту әдістерін жіктеу. Оқытудың белсенді әдістемелері

Метод (әдіс – жалпы мәні) – белгілі тәртіппен немесе рет-ретімен алдына қойған мақсатқа жетудегі іс- әрекет тәсілі. Оқыту немесе үйрету әдісі – оқытушы мен оқытушының бірігіп іс-әрекет тәсілдері арқылы білімін, біліктілігін, дағдысын меңгере отырып, дүниеге көзқарасын қалыптастыру. Сондықтан оқыту әдісі білім беру барысында оқытушы мен оқушының өзара қарым-қатынаста болып, бір-бірімен түсінісу арқылы өте тиімді қолайлы жақтарын анықтап отырып, әдістерді пайдалана білу. Енді осылардың ішіндегі ең кең тараған оқыту әдістерінің жіктелуін қарастырайық.

1. Сыртқы белгілеріне қарай мынадай әдістерге бөлеміз:

- ❖ ауызша үйрету әдісі әңгіме, кеңес, түсіндіру, ұғындыру;
- ❖ көрнекілік (сызба-нұсқа, нобай, схема) кесте сурет, арнайы құралдар.
- ❖ практикалық (жаттығу, практикалық және зертханалық жұмыстар)

Бірақ әдістерді осындай түрде жіктеуде оқушының белсенділігін, өз бетінше іс-әрекетін дұрыс есепке ала алмайды.

2. Оқушының оқу-танымдылық іс-әрекетіне қарай:

- ❖ **безендіру** арқылы түсіндіру (иллюстративтік), (әңгіме, дәріс түсіндіру, кітаппен жұмыс).
- ❖ **репродуктивті** (алған білімін іс жүзінде пайдалану барысында, қайталау арқылы түсіндіру).
- ❖ **материалды проблемалық мазмұндау** (мұғалім бір проб-леманы оқушылардың алдына қойып, оны өзі шеше отырып, оқушылардың танымдық ойлау жолдарының тәсілдерін үйрету).
- ❖ **эвристика немесе жартылай ізденушілік** (оқушылар қойылған сұраққа немесе проблемаға өздері шешуге қатысады, бірақ оны толық шешуі қиынырақ болады, тек жартылай шешуге тырысады).
- ❖ **іздеп-тапқы зерттеу арқылы** (шығармашылық тұрғыдан ізденіп білім игеру).

3. Дидактикалық қойылған мақсатқа байланысты жіктелу:

- ❖ жаңа білім алу әдісі, білімнің, біліктілігін, дағдылықты практика жүзінде игеруді қалыптастыру әдісі;
- ❖ білімнің, біліктілігін, дағдысы, іскерлігін тексеру және бағалау әдісі.

4 Оқыту әдісінің жіктелуіне сәйкес оқыту үрдісінің бір тұтастығына негізделіп мынандай топтарға топтастыруға болады:

-оқу- танымдылық қызметін іске асыру мен ұйымдастыру әдістері барысында мынандай әдістерге бөлінеді:

а) перцептивті (информацияны беру және қабылдауды сезім арқылы). Сөз, көрнекілік, практика, логикалық операцияларды ұйымдастыру және іске асыру. Гностикалық (зерттеу, іздену проблемаларды іздену, репродуктивті) өзін-өзі басқару арқылы үйрену іс-әрекетін қолдану оқулықпен өз бетінше жұмыс, құрал-жабдық, аспаптар;

ә) үйрену-танымдылық мотивтері ынталандыру әдістері (оған жататындар оқуға, білім алуға деген қызығушылығын дамыту білім тәрбие алу барысындағы оқушының жауапкершілігінен басты парызын қалыптастыру);

б) оқу-танымдылық іс-әрекетінің тиімділігін өзі бақылау әдісі (ауызша, жазбаша, техникалық құрал-жабдықтар, компьютер, іскерлігін, дағдылығын, шеберлігін).

Оқытудың белсенді әдістері мен құралдары

Бұл әдістің басты мәні оқушының іс-әрекеті шығармашылық ізденіс түрінде өтеді. Бұл әдіс бұрынғы кеңес дәуірінде 1970 жылдан бастап кең қолданыла бастады. Белсенді әдістердің барлығыда дискуссия түрінде өтуге негізделген (айтыс, пікірталас) топтасып талқылау пікірталасқа 12-14 адам қатысады. Топтасып белсенді пікір алмасу арқылы оқытудың бірнеше түрлері бар:

1.Нақты берілген ситуацияға талдау жасау. Бұл әдістің ерекшелігі: мәселені әлі анық атап айтылмаған, ақпарат аз, белгісіз шешудің бірнеше нұсқалары бар. Нақты ситуация (ахуал,жағдай) талдауды тест, видео-кино, фрагменттер, рөлді ойындар түрінде өткізуге болады.

2.Миға шабуыл. Бұл шығармашылық белсенділікті тиімді тез шешуге арналған әдіс. Қатысушылар шешу жолының бірнеше нұсқаларын ұсынып, барлық идеалар жинақталғаннан кейін жалпы фактілердің ішінен ең тиімді қолайлы дегенін практика жүзінде іске асырылатынын тандап алу.

3. Ойын техникасы-ойын арқылы проблеманы шешу әдістері. Олар:

А) Рөлдік ойын-адам арасындағы қарым-қатынас-тарды жасау арқылы;

Ә) Тренажер ойын-технологиялық комплексті пайдалану арқылы.

4. Искерлік ойын-берілген есепті немесе мәселені модельдеу үлгі түрінде имитация арқылы шешу әдісі. Искерлік ойынның:

- оқу процесінде

- ғылыми зерттеу

- басқарушылық

- аттестациялық сияқты бірнеше түрлері болады.

Биологияны оқыту барысында белсенді әдістеу-методтердің түрлерін қолдану жолдары

Білім беру үрдісін белгілі мақсатпен ұйымдастыру -оқытушы мен оқушының өзара қарым-қатынаста білімін, біліктілігін дүниетанымдығын ғылыми тұрғыдан қалыптастыра отырып білім берудің белсенді әдіс тәсілдерін жетілдіруге бағыттау. Педагогикалық психология саласында білімді меңгерудің негізгі заңы көрсетілген. Ол оқу материалын қабылдау мәнін, мағынасын ұғыну-еске сақтау нәтижесін тексеріп іске асыруды қолдана білу.

Осы формуладан ешқайсысын алып тастауға, үзіп тастауға болмайды себебі олар бір-бірімен тығыз байланысты. Қабылдай отырып мағынасын ұғамыз мағынасын түсіне отырып еске сақтаймыз, қабылдау, ойлану және еске сақтауды кеңейтіп, тереңдетіп өз бетімізбен іске асыру арқылы практика жүзінде тексереміз. **Жанашыл оқытушылар Ш.А.Амоношвили, И.П.Волков, Е.Н.Ильин, С.Н.Лысенкова, В.Ф.Шаталов** дәлелдегендей оқушымен оқытушының арасындағы шынайы ынтымақтастық ғана оқушының танымдылық белсенділігін көтереді.

Танымдықтың белсенділігі дегеніміз мұғалімнің мақсатқа лайықты жасаған іс-әрекеті. Материалды түсіндіру мазмұндауында оқушының білімін бақылау, тексеру арқылы оқушының білімін ынталандыру.

«Ойын» сабақтары оның түрлері мен өткізу әдістері. Соңғы кездері биология пәнінен сабақ берудің әртүрлі әдіс тәсілдері қолданылып жүр. Солардың ішіндегі өте бір тиімді тәсілдерінің бірі – ойын түрінде өткізілетін сабақтар. Осыған орай көптеген пән мұғалімдері оқушының білімін, біліктілігін және тәрбиелігін дамытуда осы тәсілдерді жиі қолданып жүр деуге болды.

Ереже бойынша өткізілетін ойын сабақтар:

1. Іс-қимыл ойыны: оларды драмалық ойындар өндіріс жайлы (аңшылық, балық аулау, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, т.б.) жайлы, тұрмыстық (қоғамдық, от басы, жанұя), спорттық ойындар: жай жарыстар, әртүрлі мәні бар ептілік, шеберлік, тапқырлық, жылдамдық, т.б.

2. Дидактикалық ойындар

А) пәндік

Ә) арнаулы стол басында арналып баспа арқылы дайындалынған (лото, домино, әртүрлі суреттер, бейнелер, крассвордтар). Сөз жаттығу ойындары жұмбақ ойындар, викторина (не? қайда? қашан?, т.б);

3. Танымдық ойындар: іскерлік (сипозиум, пресс конфе-ренциялар), сюжеттік (спектакль, саяхат, т.б), иммациялық, ситуациялық ойындар.

4. Компьютерлік ойындар. Оқу үрдісінде ойынды әрбір сабақтың ішінде пайдалануға болады. Мысалы материалды сұрағанда үй тапсырмасы түрінде (мысалы крассворд) немесе қорытынды сабақ өткізу кезінде. Бірақта ойын сабағының пайдалығы сабақ өткізудің басқа формаларымен ұштастырып жасағанда ғана тиімді болады.

Сабақтың әдісін таңдау және бағалау

Биологиядан сабақ өткізуде сыныпқа, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тиімді әдісті таңдау объективті және субъективті себептерге тәуелді. Әдісті таңдау барысында ең бастысы оқу-тәрбие жұмысына байланысты нақты мақсатына сәйкес іске асырылады. Тек сол арқылы қандай әдістерді топтастырып қолдануға болатындығын анықтауға мүмкіндік береді. Яғни бірнеше әдіс-тәсілдердің ішінен ең қолайлысын, тиімдісін тандай білу. Сонымен бірге оқыту әдісі оқушыларды әртүрлі логикалық операцияларға қолдануға бағдарлауы керек.

Әңгіме – оқушы ойлай талдау жасауға, салыстырып қорытындылауға, бақылау материалдың мазмұнындағы жеке-жеке оқушылар арасындағы байланыстарды айқындауға үйретеді.

Ал сабақ өткізу барысында оның тәрбиелік мақсатын іске асыру үшін:

- әңгіме, дәрісті өткізу;
- фактілер мен құбылыстарды түсіндіру үшін теориялық жағын түсіндіру арқылы шешу;
- тәжірибелер жүргізу арқылы, объектілерге бақылау жұмыстарының көмегімен дүние танымдылығын сендіру шаралары орындалуы керек.

Әдісті тандауға әсер етуші негізгі себептерге қысқаша тоқталып қарап өтейік:

- ❖ оқу мақсаты мен оқу деңгейіне жету жолдары;
- ❖ оқытудың уәждік (мотив) деңгейі;
- ❖ оқытудың заңдылықтары оны іске асыру ұстанымдары (принциптері);
- ❖ сабақтың нәтижесіне жетуге қойылатын талаптың ауқымы және мазмұны;
- ❖ оқу материалының көлемі және күрделілігі;
- ❖ оқушылардың дайындық деңгейі;
- ❖ оқушылардың пәнге деген қызығушылығы және белсенділігі;
- ❖ жас ерекшелігіндегі, оқуға деген қабілеттілігі;
- ❖ сабаққа деген дағдының қалыптасуы, төзімділігі, оқуға жаттығушылығы;
- ❖ оқу мерзімі;
- ❖ оқу үрдісін материалдармен техникалық құрал-жабдық-тармен қамтамасыз етіп, оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыру жолдары;
- ❖ өткен сабақтардағы әдістерді пайдалану, пәнаралық байланыс базаға қолдану;
- ❖ оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас (қауымдастық немесе авторизациялық).
- ❖ Осылардың барлығы практика жүзінде, кейбір жағдайларда кездейсоқ факторларға әсер етуі мүмкін. Әрине олардың бәрін алдын ала білу мүмкін емес. Бірақта мүмкіншілігіне қарай, дұрыс, сенім мен жоспарланған жағдайларды есепке ала отырып, іске асыруға тырысқан жөн.

Қорытынды:

Сонымен, әрбір әдісті алсақ та оның басты мақсаты оқу-тәрбие процесінде: оқыту, дамыту, тәрбиелеу, дәлелдеу және бақылау қызметтерін атқаруға бағытталған. Осы әдістерінің нәтижесінде әрбір ұстаз және шәкірт алдына қойған мақсат-тарына жетеді. Әдістердің атқаратын қызметіне байланысты біреуінің функциясы жоғарыласа, екіншісі төмендеуі мүмкін. Көп жағдайларда оқушылардың білім деңгейі сапасының төмен болуы – білім берудің объективті заңдығының бұзылуы. Тек қана мұғалім білім беру барысында дайын материалдарды оқушылар қабылдап ғана қойып, ойлануға, еске сақтауға, білімін тексеруге уақыт жетпей қалады.

Керісінше, мектептегі жаңашыл мұғалімдер, алдыңғы қатардағылар оқу процесін осы заңдылықтарды сақтап бұзбай орындағанда ғана жақсы нәтижеге жетеді. Тағыда бір жай маңызды шындықтыда айта кеткен жөн, ол білім берудегі жоғарыда айтылған кезеңдерді – білімді игеру, біліктілік дамытуды әрбір оқушыда бұлжытпай орындауы тиіс. Осылардың барлығы практика жүзінде, кейбір жағдайларда кездейсоқ факторларға әсер етуі мүмкін. Әрине олардың бәрін алдын ала білу мүмкін емес. Бірақта мүмкіншілігіне қарай, дұрыс, сенім мен жоспарланған жағдайларды есепке ала отырып, іске асыруға тырысқан жөн.

Пысықтау сұрақтары:

1. Оқыту әдісіне анықтама беріңіз.
2. Қолдану ерекшеліктеріне қарай қалай жіктеледі?
3. Дидактикалық мақсатына байланысты әдістердің тобына сипаттама беріңіз.
4. Сөз сөйлеу әдісінің тәсілдері қандай?
5. Көрнекілік әдісінің түрлері.
6. Әдістерге жіктеудің басты нысаны неде?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Верзилин Н.М., Косунская В.М. Общая методика преподавания биологии. – М., 1983.
2. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. Общая методика преподавания биологии в школе. – М., 1985.
3. Торманов Н.Т. Биологияны оқыту әдісі.- Алматы, 2000.
4. Пономарева И.Н. Общая методика обучения биологии. – М., 2007.
5. Якунчева М.А. Методика преподавания биологии.- М., 2008.
6. Конюшко В.С. Как подготовить урок биологии. –Минск, 1988.
7. Современный урок биологии. Под.ред. Косунской В.М. –М., 1986.
7. Журнал «Биологии в школе».– М., № 2000-2013 г.
8. Журнал «Биология және салауаттылық негізі». –Алматы, №2000-2012.
9. Горелов А.А. Концепции современного эстествознания. М.: «Центр» 1997.- 208 с.
10. Комиссаров Б.Д. Мтодологические проблемы школьного биологического образования. М.: «Просвещение» 1991.- 158 с.
11. Проблемы методики обученя биологии в средней школе под.ред. М.Д.Зверева. М.: «Педагогика» 1978.- 317 с.
12. Торманов Н., Аблайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістері. Алматы.: «Қазақ университеті» 2013.- 258 бет.
13. Янукович Ф. Мехнология обучения в системе высшего образования. М.: «Высшая школа» 1986.- 132 с.

Назарларыңызға рахмет!!!